

**Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидаларын және Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 3 наурыздағы № 67 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 3 наурызда № 35770 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 94-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астықты тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады және 2025 жылғы 1 қыркүйекке дейін қолданыста болады.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бәсекелестікті қорғау және  
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

2025 жылғы 3 наурыздағы

№ 67 бұйрығына

1-қосымша

## **Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 94-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға мемлекеттік қаржылық қолдау (бұдан әрі – бюджеттік субсидиялар) көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бюджеттік субсидиялар төлеуді жүзеге асыратын бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі – Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі) – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

2) вагондар (контейнерлер) операторы – меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде вагондарды (контейнерлерді) иеленетін, вагондар (контейнерлер) операторының қызметтерін көрсету жолымен тасымалдау процесіне тасымалдаушымен жасалған шарт негізінде қатысатын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген тұлға.

3) оператор – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жалғыз акционері мемлекет болып табылатын және астық нарығында тұрақтандыру

функциясын жүзеге асыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын акционерлік қоғам;

4) өнім беруші – астықты Қазақстан Республикасының аумағынан өткізуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

3. Бюджеттік субсидиялар өнім берушілерге астық тасымалдауға байланысты нақты шығындар үшін төленеді және біржолғы сипатта болады.

4. Бюджеттік субсидияларды төлеуді өнім берушілердің астықты (Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды: 1001) былайша тасымалдауға байланысты шығындарды жүзеге асырғанын растайтын құжаттар негізінде Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жүзеге асырады:

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Ресей Федерациясының аумағы арқылы Азов, Қара және Балтық теңіздері порттарының бағытында;

бір тонна үшін 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде транзитпен Ресей Федерациясының, Латвия Республикасының, Литва Республикасының және Эстония Республикасының аумағы арқылы Балтық теңізі порттары бағытында;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Ресей Федерациясының аумағы арқылы Латвия Республикасына, Литва Республикасына және Эстония Республикасына;

бір тонна үшін 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде транзитпен Әзірбайжан Республикасының және Грузияның аумағы арқылы Қара теңіз порттары бағытында;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Түркіменстан аумағы арқылы Ауғанстан Ислам Әмірлігіне;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Түрікменстан арқылы Иран Ислам Республикасына;

бір тонна үшін 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде транзитпен Қытай Халық Республикасының аумағы арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия елдері бағытында;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде Әзірбайжан Республикасына, Грузияға және Армения Республикасына.

## **2-тарау. Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға бюджеттік субсидиялар төлеу тәртібі**

5. Өнім беруші құнын толық төлей отырып, астықты тасымалдауды жүзеге асырады, оған тиелген және бос вагонды тасымалдау тарифін, сондай-ақ осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген бағыттарға сәйкес тиеу станциясынан межелі станцияға дейін вагондарды ұсыну (жалға алу) тарифін төлеу кіреді.

Өнім беруші вагондардың (контейнерлердің) операторын және көлік экспедиторларын дербес айқындайды.

6. Өнім беруші операторға мыналарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын өтеуге арналған өтінім (өтінімдер оператордың mail @fcc.kz электрондық мекенжайына қабылданады және келіп түскен күні мен уақыты бойынша тіркеледі);

2) екінші деңгейдегі банк берген келісімшарттың есепке алу нөмірі бар экспорттық келісімшарттың көшірмесі;

3) тауарларға арналған декларацияның және жөнелтушіге арналған жүкқұжаттың телнұсқасының көшірмелері;

4) өнім берушінің қолымен және мөрімен расталған жөнелту станциясының күнтізбелік мөртаңбасы бар теміржол жүкқұжаттарының көшірмелері;

5) астық сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертхана берген астық сапасы паспортының көшірмесі.

Көрсетілген құжаттарды өнім беруші оператордың атына астық межелі станцияға немесе портқа келіп түскен күннен бастап қырық бес жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға тиіс.

7. Оператор қоғамдық және үкіметтік емес салалық ұйымдардың өкілдері болып табылатын ұйымдардың және оператордың қызметкерлері қатарынан өнім беруші ұсынған құжаттардың дұрыстығын қарайтын және растайтын комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрады. Комиссия төрағасы оператордың басшысы болып табылады.

8. Комиссия мүшелері өнім берушінің өтінімі мен құжаттары тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құжаттарды тексеруді жүзеге асырады және оң шешім болған жағдайда олардың қабылданғанын растайды не теріс шешім болған жағдайда пысықтауға қайтарады. Өнім берушінің құжаттарды пысықтау мерзімі бес жұмыс күнін құрайды.

9. Комиссия мүшелері өнім берушінің осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес ұсынылған өтінімінің және құжаттарының қабылданғаны расталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей:

құжаттарды осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінен өнім берушілер бөлінісінде тауарға ресімделген декларациялар туралы растауды дербес сұратады;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астықты темір жол көлігімен тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтердің тізілімін қалыптастырады;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын өтеуге бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған жиынтық ведомості және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астықты темір жол көлігімен тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтердің тізілімін Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жібереді.

Бұл ретте өтінімдерді қарау және бюджеттік субсидияларды төлеу өтінімдерді тіркеу күні мен уақытына сәйкес кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады. Кейінгі өтінім алдыңғы өтінім қаралғаннан кейін қаралады.

10. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі оператор осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде:

1) оператор ұсынған құжаттарды тексереді және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға бюджеттік субсидияларды төлеуге қорытынды қалыптастырады;

2) аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне "Қазынашылық-клиент" ақпараттық жүйесі бойынша оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотына төлем шотын жібереді.

11. Оператор Бюджеттік бағдарлама әкімшісінен бюджеттік субсидияларды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей астықты темір жол көлігімен тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтердің тізіліміне сәйкес оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотынан өнім берушілерге қаражат аударады.

Оператор бюджеттік субсидияларды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне оператор басшысы және өнім беруші қол қойған осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын өтеу актілерін ұсынады.

12. Өнім беруші оператор алдында бюджеттік субсидиялар алу мақсатында оларды Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне ұсыну үшін ұсынылған құжаттардың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

13. Оператор бюджеттік субсидиялардың төленген сомалары туралы ақпаратты күн сайын [www.fsc.kz](http://www.fsc.kz) ресми интернет-ресурсында орналастырады.

Астық тасымалдауға  
байланысты шығындардың  
құнын арзандатуға субсидиялар  
төлеу қағидаларына  
1-қосымша

Нысан

**Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын өтеуге арналған өтінім**

\_\_\_\_\_

(оператордың атауы)

\_\_\_\_\_

(өнім берушінің толық атауы)

Көлемі \_\_\_\_\_ тонна мөлшеріндегі астықты (астық сыныбын көрсетіңіз) тасымалдауға  
байланысты нақты шығындар үшін \_\_\_\_\_ теңге  
мөлшерінде

(сомасы сандармен және жазумен)

субсидиялар төлеуді сұраймын.

1. Өтініш беруші туралы мәліметтер.

Заңды тұлға үшін:

атауы \_\_\_\_\_

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) \_\_\_\_\_

ЭҚЖЖ бойынша сыныбы (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша коды) \_\_\_\_\_

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі \_\_\_\_\_

мекенжайы: \_\_\_\_\_

телефон нөмірі (факс): \_\_\_\_\_

Жеке тұлға (дара кәсіпкер) үшін:

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі \_\_\_\_\_

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) \_\_\_\_\_

ЭҚЖЖ бойынша сыныбы (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша коды) \_\_\_\_\_

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі \_\_\_\_\_

кім берді \_\_\_\_\_

берілген күні \_\_\_\_\_

мекенжайы: \_\_\_\_\_

телефон нөмірі (факс): \_\_\_\_\_

Дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама:

орналасқан жері \_\_\_\_\_

хабарлама күні \_\_\_\_\_

2. Екінші деңгейдегі банктегі немесе ұлттық почта операторындағы ағымдағы шоттың мәліметтері:

ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) \_\_\_\_\_

банктің немесе почта операторының деректемелері: \_\_\_\_\_

банктің немесе почта операторының атауы: \_\_\_\_\_

банктік сәйкестендіру коды \_\_\_\_\_

жеке сәйкестендіру коды \_\_\_\_\_

БИН \_\_\_\_\_

Кбе \_\_\_\_\_

3. Келісімшарт бойынша мәліметтер:

сатып алушының деректері \_\_\_\_\_

келісімшарт нөмірі \_\_\_\_\_

келісімшарт жасалған күн \_\_\_\_\_

астық көлемі (сыныбы), тонна \_\_\_\_\_

межелі пункті \_\_\_\_\_

жеткізу шарттары \_\_\_\_\_

тиеп-жөнелту кезеңі \_\_\_\_\_ (айлар бойынша)

**4. Астық тасымалдау туралы мәліметтер:**

P/с№	Жөнелту нөмері	Вагонның нөмері	Жөнелту станциясы	Кіру станциясы	Шығу станциясы	Межелі станция (порт) шекаралық өткел)	Жөнелту күні (тасымалдау құжаттарын дағи станция штемпелі)
1.							
2.							

**5. Тиесілі субсидияларды есептеу:**

P/с№	Бағыт (импорт елі)	Астық тасымалдау көлемі, тонна	1 тоннаға өтеу құны, теңге	Жалпы өтеу құны, теңге
1.				
2.				

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анық емес мәліметтерді ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сондай-ақ көрсетілген мемлекеттік қызмет бойынша деректерді бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға беруге келісім беремін.

Өнім берушінің атауы \_\_\_\_\_

(басшының қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ де қол қойып, жіберілді

Астық тасымалдауға  
байланысты шығындардың  
құнын арзандатуға субсидиялар  
төлеу қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

**Астықты темір жол көлігімен тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтердің тізілімі \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ нарық бағыты**

P/с№	Өнім берушінің атауы	Бағыт импорт елі)	( Жөнелту кезеңі (ай)	Астық тасымалдау көлемі, тонна	1 тоннаға өтеу құны, теңге	Жалпы өтеу құны, теңге
1						
2						
3						
4						

5						
6						
7						
	Барлығы:					

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы, қолы)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы, қолы)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы, қолы)

Комиссия басшысы: \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса)), тегі, қолы

Астық тасымалдауға  
байланысты шығындардың  
құнын арзандатуға субсидиялар  
төлеу қағидаларына  
3-қосымша

Нысан

**Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын өтеуге бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған жиынтық ведомость 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_-дан 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейінгі кезең үшін**

Р/с№	Ө н і м берушінің атауы	Бағыт импорт елі)	( Жөнелту кезеңі (ай)	Астық тасымалдау көлемі, тонна	1 тоннаға өтеу құны, теңге	Жалпы өтеу құны, теңге
1						
2						
3						
	Барлығы:					

Оператордың атауы \_\_\_\_\_

(басшының қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Астық тасымалдауға  
байланысты шығындардың  
құнын арзандатуға субсидиялар  
төлеу қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

**Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға бюджеттік субсидиялар төлеуге қорытынды \_\_\_\_\_ нарық бағыты**

--	--	--	--



Бюджеттен аударылуы

Өнім берушінің атауы

\_\_\_\_\_ барлық  
нарық бағыты  
тасымалданған астық,  
тонна, кезең үшін

1 тоннаға өтеу сомасы,  
теңге

			тиіс өтем сомасы, тенге, кезең үшін
1	2	3	4

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_  
(қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Астық тасымалдауға  
байланысты шығындардың  
құнын арзандатуға субсидиялар  
төлеу қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

**Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын өтеу актісі** \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ нарық бағыты 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ №

Р/с №	Жіберу нөмері	В а гонның нөмері	Жөнелту станциясы	Кіру станциясы	Шығу станциясы	Межелі станция (порт) (шекаралық өткел)	Жөнелту күні (тасымалдау құжаттарындағы станция штемпелі)	Тасымалдау көлемі, тонна	Тоннасы үшін өтеу сомасы, теңге	Жалпы өтеу сомасы, теңге
1										
2										
3										
	Барлығы									

Өнім берушінің атауы \_\_\_\_\_  
(басшының қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)  
Оператордың атауы \_\_\_\_\_  
(басшының қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2025 жылғы 3 наурыздағы  
№ 67 бұйрығына  
2-қосымша

**Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау қағидалары**

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 94-бабының 2-тармағына

сәйкес әзірленді және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау (бұдан әрі – бюджеттік субсидиялар) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жалғыз акционері мемлекет болып табылатын және астық нарығында тұрақтандыру функциясын жүзеге асыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын акционерлік қоғам;

2) астық – бидай (Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды: 1001);

3) бюджеттік субсидиялар төлеуді жүзеге асыратын бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі – Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі) – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі.

3. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияға бір тонна үшін 20 000 ( жиырма мың) және 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде астық тасымалдауға байланысты шығыстарын өтеледі.

Астық тасымалдауға байланысты шығыстарды өтеу мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Ресей Федерациясының аумағы арқылы Азов, Қара және Балтық теңіздерінің порттарының бағытына;

бір тонна үшін 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде транзитпен Ресей Федерациясының, Латвия Республикасының, Литва Республикасының және Эстония Республикасының аумағы арқылы Балтық теңізі порттары бағытында;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Ресей Федерациясының аумағы арқылы Латвия Республикасына, Литва Республикасына және Эстония Республикасына;

бір тонна үшін 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде транзитпен Әзірбайжан Республикасының және Грузияның аумағы арқылы Қара теңіз порттары бағытында;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Түрікменстан арқылы Ауғанстан Ислам Әмірлігіне;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде транзитпен Түрікменстан арқылы Иран Ислам Республикасына;

бір тонна үшін 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде транзитпен Қытай Халық Республикасы арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия елдері бағытында;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде Әзірбайжан Республикасына, Грузияға және Армения Республикасына;

бір тонна үшін 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы елдерінің бағытында.

## **2-тарау. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау тәртібі**

4. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астықты тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мен агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания арасында агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астықты тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау туралы шарт жасалады.

5. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания 2025 жылғы 15 тамызға дейінгі мерзімде Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялауға қорытынды өтінім-есеп жібереді.

Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) екінші деңгейдегі банктер берген келісімшарттардың есепке алу нөмірлері бар экспорттық келісімшарттардың көшірмелері;

2) тауарларға арналған декларацияның және жөнелтушіге арналған жүкқұжаттың телнұсқасының көшірмелері;

3) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның қолымен және мөрімен расталған жөнелту станциясының күнтізбелік мөртабаны бар теміржол жүкқұжаттарының көшірмелері;

4) астық сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертхана берген астық сапасы паспортының көшірмесі.

6. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі өтінімді және өтінімге қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде:

1) өтінімді және өтінімге қоса берілетін құжаттарды Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің кеңсесінде тіркеуді;

2) өтінімді және өтінімге қоса берілетін құжаттардың толықтығы және осы Қағидалардың 5-тармағының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады.

7. Ұсынылған құжаттардың толық еместігі және (немесе) құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияға ұсынылған құжаттардың қандай талаптарға сәйкес келмейтінін көрсетіп, хабарлама жібереді.

Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания бес жұмыс күні ішінде толықтырып Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне құжаттардың толық пакетін қайта жібереді.

8. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:

1) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания ұсынған құжаттарды тексереді және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялауға қорытынды қалыптастырады;

2) аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне "Қазынашылық-клиент" ақпараттық жүйесі бойынша агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның қолма-қол ақшаны бақылау шотына төлем шотын жібереді.

Агроөнеркәсіптік кешен  
саласындағы ұлттық  
компанияның астық  
тасымалдауға байланысты  
шығыстарын субсидиялау  
қағидаларына  
1-қосымша

Нысан  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі

**Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялауға арналған өтінім-есеп**

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Осымен \_\_\_\_\_ агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания азық-түлік астығын өткізу кезінде Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау қағидаларына сәйкес 20\_\_ жылғы "\_\_\_"-дан 20\_\_ жылғы "\_\_\_" дейінгі кезең үшін бұрын \_\_\_ банк шотына аударылған \_\_\_\_\_ теңге сомасындағы агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын өтеуге арналған субсидияларды орындалды деп есептеуді сұрайды.

Басшы \_\_\_\_\_  
(қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Агроөнеркәсіптік кешен  
саласындағы ұлттық  
компанияның астықты  
тасымалдауға байланысты

шығыстарын субсидиялау  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

**Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялауға қорытынды \_\_\_\_\_ нарық бағыты**

Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания	_____ нарық бағыты барлық тасымалданған астық, тонна, кезең үшін	1 тонна үшін өтеу құны, теңге	Бюджеттен аударылуы тиіс өтеу құны, теңге, кезең үшін
1	2	3	4

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_  
(қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ